

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

4. Устиненко В.И. Место и роль игрового феномена в культуре // Философские науки, - 1980.- № 2.- С. 69-77.
5. Коротков И.М. Подвижные игры в школе. - М.: Физкультура и спорт, 1980.- 181 с.
6. Портных Ю.И. Подвижные игры // Спортивные и подвижные игры / Под общей ред. П.А.Чумакова. - М., 1970.- С,1-32.

ӘОЖ:796.06:373.5

МЕКТЕПТЕ СПОРТ ЖАРЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қожабеков Айхан

ai_han_96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. дене шынықтыру және спорт
мамандығының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – И.Б. Иманғаликова

Жалпы білім беретін орта мектептерде дене шынықтыру пәні жүргізіледі. Дене шынықтыру сабағының академиялық уақыты, оқушыларға жасына қарай берілетін физикалық жүктемесі ғылыми тұрғыдан негізделіп жасалған. Яғни, қалыптасқан стандарты бар. Бұл стандарт бойынша мектеп жасындағы баланың дене шынықтыру сабағы арқылы бірінші кезекте денсаулығын шыңдауға, содан кейін өзін сергек сезінуіне мүмкіндік алады.

Ал дене шынықтыру пәні сабағы оқушының жалпы үлкен спорттың мәртебесі, оның адамның өміріне әсері туралы көзқарасын қалыптастыра ала ма, мектеп оқушысы практикалық тұрғыда спорттың адам үшін қаншалықты игілік бере алатынын жеткізе ала ма? Осы тұрғыда мектеп қабырғасында жүрген оқушының бойына үлкен спортқа деген құштарлықты дамыту үшін, баланың санасына спорттық тұлға түсінігін қалыптастыру үшін мектепте дене шынықтыру сабағынан тыс шаралар да ұйымдастыру қажет деп санаймын.

Біріншіден, тек қана міндетті дене шынықтыру сабағына қатысатын оқушылар үлкен спорттың игілігін толық түйсіне алмайды. Өйткені, ол тек сабақ кезінде денесін шынықтырғанын біледі және оның өзіне пайдалы екенін ұғынады. Ал жалпы үлкен спорттың мәртебесі мен игілігі жөнінде терең түйсінбейді. Ал сол оқушылардың арасында қандай да бір спортқа аса қабілетті бала да жүруі мүмкін ғой. Сондай-ақ мектепте жүргізілетін (егер бар болса) түрлі секция-үйірмелерге қатысатын оқушылар да егер жарыстарға қатыспайтын болса оларда жоғарыда атап өткен оқушылардың жағдайынан аспайды. Сондықтан мектеп ішінде спорт жарыстарын ұйымдастыру өте маңызды деп санаймын.

Екіншіден, мектеп ішінде жарыс ұйымдастыру мектептегі барлық оқушыларға спорттың бұқаралық сипаттағы шара екенін ұғындырады және бұрын спортқа қызықпаған балалардың құштарлығын, ықыласын тудыруы мүмкін. Сонымен қатар өз сыныптастары, мектеп ұжымы алдында жарысқа түскен баланың намыс психологиясы қалыптасады, жеңіске деген жігері жетіледі. Өйткені, қандай спортта болсын, спортшының қайсы болсын өз алаңында жеңілмеуге тырысады. Осының бәрі айналып келгенде оқушы бойына спорттық тұлға мінез-құлқын да қалыптастырады деп ойлаймын. Мәселен, мектеп ішінде жеңіске жеткен оқушының өз сыныптастарының, мектеп басшылығы және бүкіл мектеп алдында абыройы көтеріледі. Ал мұндай жеңімпаз оқушының бойында өз ұжымының мәртебесін өсіргені үшін мақтаныш пайда болып, алдағы уақытта жеңістерге жетуге деген құлшыныс, жауапкершілік сезім қалыптасады. Яғни, мектеп ішінде жарыс ұйымдастыру арқылы оқушы бойына жеңімпаз рухын, жауапкершілік сезімді қалыптастыруға болады.

Спорт баланы тәрбиеге баулайды. Яғни, Тәрбиенің негізгі мақсаты жеке адамды қалыптас-тыру және оның жан-жақты толыққанды дамуын қамтамасыз ету. Ал бұл міндеттердің табысты шешімін беру жеке адамның дамуы қалай өтетінін және оның

қалыптасуына қандай жағдаяттар ықпал ететінін білумен байланысты. Спорт адамды тәрбиеге шақырады деп айтуға толықтай болады [1].

Осы орайда мынандай мысал келтіре аламын. Мен мектепте оқып жүргенде, тоғыз жасқа толған кезімде әкем дзюдо секциясына берді. Секция Астана қаласындағы № 55 мектептің жанынан ашылған «Кандагар» аулалық клубында жүргізілді. Бапкеріміз Ауғанстан соғысына қатысқан, самбо және дзюдо күресінен Ресейдің спорт шебері С.Канафин деген азамат болды. Екі айдан кейін Республика күніне орай осы мектепте мектеп оқушылары арасында қалалық жарыс ұйымдастырылды. Қаладағы бірнеше мектептерден балалар қатысқан жарысты бүкіл мектеп ұжымы тамашалады. Осы мектептің үш оқушысы жарыс чемпионы атанды. Сонда бүкіл мектеп ұжымы жеңімпаз оқушыларын қызу құттықтап, алғыстарын жаудырды. Осы жарыс бірнеше жыл қатарынан өтті. Ең бастысы осы жарыста жеңіске жеткен оқушылардың арасынан қабілетті саналған бірнеше бала спорт-интернаттарға қабылданды. Бүгінде үлкен жарыстарда жүлдегерлер қатарынан көрініп жүр. Ал өз мектептеріндегі жарыстарда жеңіске жетіп, мектептің мәртебесін көтерген сол балуандардың үлгісіне қарап қаншама бала күрес секцияларына жазылды. Осылайша, мектепте ұйымдастырылған жарыс арқылы қаншама бала үлкен спортқа жолдама алды. Республикалық және қалалық жарыстарға қатысып, салауатты өмір салтын ұстанып, балалар мен жасөспірімдерге өнеге болып жүр.

Үшіншіден, мектепте спорт жарыстарын өткізу оқушылар арасында ұжымдық психологияны, балалардың бір-біріне жанашырлық таныту, өзара көтермелеу және қолдау білдіру қасиеттерін дамытуға ықпал жасайды. Қандай да бір спорт түрінен жарысты тұрақты өткізіп тұрса тіптен жақсы болады деп ойлаймын. Дәстүрлі жарыстың мәртебелік әрі тарихи деректемесі қалыптасатын болады. Бұл кішкентай балалар үшін өнеге, бағыт-бағдар және нақты жарысқа қатысуға, сондай-ақ сол жарыстың жеңімпазы болуға құлшыныс тудыратын шара болмақ. Яғни, спорт үйірмесінде айналысатын бала үшін бір нақтылы мақсат айқын болады. Ол – өз мектебіндегі дәстүрлі жарыстың чемпионы атану. Түйіндеп айтқанда, осындай жарыстар арқылы оқушы баланың үлкен спортқа деген ынтасы арта түседі.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жыл сайынғы халыққа арнайтын Жолдауларында ел ішінде салауатты өмір салтын насихаттайтын бұқаралық спорт шараларын тұрақты ұйымдастыру жөнінде айтылады. Осыған байланысты қала аумағындағы спорт кешендері спортпен айналысушылар үшін қолжетімді болуын талап қойды. Бұл ретте Үкімет пен жергілікті әкімдіктерге тапсырмалар береді. Бұның бәрі жалпыұлттық тұрғыда халықтың, оның ішінде негізінен жастар мен үлкен адамдардың денсаулығын нығайтуға бағытталып жатқан шаралар [2].

Жалпы, мектепте жарыс өткізу оқушыларды спортқа тартудың бірден-бір жолы деуге болады. Өйткені, жарыстар жиі өткен сайын, оны көретіндер де көбейе береді. Демек, көрермендер қатарынан спортқа құштарлығы артатын оқушылар да табылатын болады.

Осы орайда мектеп біріншілігі немесе спартакиада өткізу дәстүрін қалыптастыруды ұсынамын. Мектептің базасындағы құрал-жабдықтардың, алаңдар мен залдардың мүмкіндігіне қарай бірнеше спорт түрлерінен кешенді жарыстар ұйымдастыруға болады. Мәселен, алтыншы-жетінші сынып оқушылары арасында футбол, сегізінші-тоғызыншы сынып оқушылары арасында баскетбол, он-он бірінші сынып оқушылары арасында волейболдан мектеп біріншіліктерін өткізу дәстүрін қалыптастыруға болады.

Оқушылардың спортқа деген құштарлығын арттырудың тағы бір жолы қаладағы стадиондар мен кешендерде өтіп тұратын Қазақстан чемпионаттары мен халықаралық жарыстарға балаларды ұжым болып апару деп ойлаймын. Белгілі спортшылардың шеберлігін, жеңісті сәттерді көрген балалардың бойында патриотизм сезімі де арта түседі [3].

Осы тақырыптың аясында айтқандары мен ұсыныстарым жүзеге асырылып жатса, оқушылардың спортқа деген шынайы көзқарасы қалыптасып, спортты өміріне серік ететін адамдардың қатары көбейе түседі. Қазақ халқы «Тазалық-саулық негізі, саулық-байлық негізі» деп бекер айтпаса керек. Гүлденген елімізді дені сау, саналы азаматтар жасайды. Сондықтан салауатты өмір салтын қалыптастыру, оны насихаттау шараларын белсенді

жүргізгеніміз абзал. Әсіресе, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойына тазалық пен сергектікті орнықтыру-біздің міндетіміз. Мектебіміз жас ұрпақтың салауатты өмір салтын сақтауына, денсаулықтарының зор болуына өз ықпалын тигізіп отыр. Ал бұл салауатты ұрпақ өсіруді мақсат еткен қай елдің болса басты мұраты екені анық. Өйткені, дені сау ұрпақ – мықты ұлттың көрсеткіші. Сондықтан келешекте денсаулығы мықты, елінің абыройы үшін қандай сынға болса түсуге дайын ұрпақ өсіреміз десек, онда мектепте жарыс ұйымдастыруды маңызды шара деп қарауымыз керек [4].

Қорыта келе, оқушының бойындағы қабілетін ашатын, оның ішінде спорттық мүмкіндігін айқындайтын, жалпы үлкен өмірге бағыт беретін негізгі мекеме – мектеп. Сондықтан мектеп қабырғасында түрлі спорт жарыстарын өткізу дәстүрін қалыптастыру өте қажет деп санаймын және менің осы ойым мен ұсынысымды республикалық білім және спорт мекемелерінің мамандары назарға алса деген тілегім бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ж. Ә. Әбиев., С. Б. Бабаев., А. М. Құдиярова Педагогика Оқу құралы ЖШС «Заң әдебиеті» бас директоры Жансейтов Н. Н. Оператор: Умурова Г.О. 050057 Алматы қ. 193 б.
2. "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығын іске асыру және Қазақстан Республикасы халқының арасында салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды жандандыру және жетілдіру үшін бірыңғай жүйені құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
 - 1) Қоса беріліп отырған 2008-2016 жылдарға арналған "Салауатты өмір салты" бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.
 - 2) Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне жүктелсін.
 - 3) Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*
3. Қазақстан мектебі № 7- 2005
4. Денсаулық №4- 2009

УДК: 371:15

ВНЕДРЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ПОДХОДОВ В МЕДИЦИНСКОМ ОБРАЗОВАНИИ

Комилова Малохат Олимовна

malokhat.komilova@mail.ru

старший преподаватель кафедры «Педагогика и психологии»

Ташкентской Медицинской академии

Научный руководитель- заведующий кафедрой «Педагогика и психологии» ТМА доктор психологический наук проф. Умаров Б.М.

Стратегическая цель государственной политики в области образования заключается в повышении доступности образования, соответствующего требованиям модернизированной экономики, что означает повышение качества профессионального образования. Современные вузы поставлены перед необходимостью обеспечения высокого качества образовательных результатов за счет поиска внутренних резервов, что возможно только при активном внедрении современных педагогических технологий, реализующих компетентностный и модульный подходы, с изменением технологического обеспечения организации образовательного процесса.